# Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 141 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 28 тамызда № 9706 тіркелді

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7977 тіркелген, « Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылы 27 желтоқсандағы № 852-856 (27927) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларында:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) уәкілетті бөлімше – Ұлттық Банктің монетарлық операциялар және активтерді басқару бөлімшесі;»;

қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлттық Банк Төрағасы Қ. Келімбетов*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 141 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына

қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шетел валюталарының Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қатысты ____ жылғы __________ ресми бағамдары туралы хабарлайды

| | |
|---|---|
| Австралия доллары (AUD) | теңге |
| Әзірбайжан манаты (AZN) | теңге |
| Армян драмы (AMD) | теңге |
| Белорусь рублі (BYR) | теңге |
| Бразилия реалы (BRL) | теңге |
| Венгер форинті (HUF) | теңге |
| Корея Республикасының вонасы (KRW) | теңге |
| Гонконг доллары (HKD) | теңге |
| Грузин лариі (GEL) | теңге |
| Дат кронасы (DKK) | теңге |
| БАӘ дирхамы (AED) | теңге |
| АҚШ доллары (USD) | теңге |
| Еуро (EUR) | теңге |
| Үндістан рупиясы (INR) | теңге |
| Иран риалы (IRR) | теңге |
| Канада доллары (CAD) | теңге |
| Қытай юані (CNY) | теңге |
| Қырғыз сомы (KGS) | теңге |
| Кувейт динары (KWD) | теңге |
| Литва литі (LTL) | теңге |
| Малайзия ринггиті (MYR) | теңге |
| Мексика песосы (MXN) | теңге |
| Молдова леясы (MDL) | теңге |
| Норвегия кронасы (NOK) | теңге |
| Польша злотыйы (PLN) | теңге |
| Ресей рублі (RUB) | теңге |
| Сауд Арабиясының риалы (SAR) | теңге |
| СДР (XDR) | теңге |
| Сингапур доллары (SGD) | теңге |
| Тәжік сомониі (TJS) | теңге |
| Тайланд баты (THB) | теңге |
| Түрік лирасы (TRY) | теңге |
| Өзбек сумы (UZS) | теңге |
| Украина гривнасы (UAH) | теңге |
| Біріккен Корольдіктің Фунт стерлингі (GBP) | теңге |
| Чех кронасы (CZK) | теңге |
| Швед кронасы (SEK) | теңге |
| Швейцария франкі (CHF) | теңге |
| Оңтүстік Африка рэнді (ZAR) | теңге |
| Жапон йенасы (JPY) | теңге |

құжатқа қол қойылған күн

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басшылығы ________________ Тегі және инициалдары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК